

2022 жыл наурыз айы

Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-ана, ата-әже.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
1-апта	<p>1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шенбер бойымен бірқалыпты жүреді. Белгі бойынша шашырап жүтіреді. Қимылды ойын: «Біз көңілді отбасымыз»</p> <p>2.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Кілем бойымен жүреді. Допты кеуде тұсынан қос қолдап лақтырады. Қимылды ойын: «Доптарды жинаймыз»</p> <p>3.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Доғалар астынан еңбектеп өтеді. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіреді. Қимылды ойын: «Маған еңбектеп жет» (тәрбиеші, апай, анасы)</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы:«Қызыл теспек» Мақсаты: Балалар ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлермен танысып, сұрақтарға толық жауап береді.</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Сақинаны аял» Мақсаты: Балалар заттық – жабдықтық әрекетті қалыптастырып: таяқтың көмегімен түрлі –түсті сақиналарды өзіне қарай жылжытады.</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Анамызға не сыйтаймыз» Мақсаты:Анамызға деген қамқорлық, мейірімділік сезімдерін білдіреді. Көктем мереке жайлы түсініктерін айтады.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Орамалды безендіру» Мақсаты: Орамалды геометриялық пішіндермен безендіре біледі. Балалар әсемдікті көре алады.</p> <p>Музыка-2 сағат Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу Ән тыңдау: «Нешәуміз» А.Токсанбаев</p>	<p>Үлкендердің сөзін тыңдауға үйрету</p>
2-апта	<p>1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Келдергілер арасымен жүреді. Отырып допты бір-біріне домалатады.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Анама көмектесемін» (сурет бойынша әңгімелеу)</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Өз бетінше» Мақсаты: Балалар құрылыс</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың көйлегін безендіреміз» Мақсаты: Саусақ арқылы көйлекті дөңгелек</p>	<p>Ертегі кейіпкерлерінің мінез – құлқын тануға</p>

	<p>Кимылды ойын: «Доптарды жинаймыз» 2. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіреді. Доғалар астынан еңбектеп өтеді. Кимылды ойын: «Допша секір» 3. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Жүруден жүтіруге ауысу Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелейді. Кимылды ойын: «Жолдағы таяқшалардан аттап өт»</p>	<p>Мақсаты: Балалар берілген сұрақтарға жауап бере отырып, суретте көргендерін сипаттап, сөздерді дұрыс айтады.</p>	<p>материалдарымен жұмыс жасап олардың түсін пішінін көлемін ажыратады.</p> <p>Жаратылыстану Такырыбы: «Төлдер айтысы» (<i>Ертегіні үстел-үсті театрында сахналау</i>) Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін талдайды, әңгімелей алады.</p>	<p>пішіндермен (үлкен-кіші) безендіреді. Негізгі түстер туралы біледі. Музыка Такырыбы: «Біздің аула» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би кимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру Ән тыңдау: «Шулы дыбыс» Муз. А. Айтуова Ән айту: «Біз-көңілді баламыз» Б. Жұмабекова Әуенді ырғақты – кимыл ойын: «Күн мен жанбыр» Жапсыру Такырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: кеністік бетіндегі тұзу сызықтың үстіне дөңгелек пішінді дұрыс орналастырады.</p>	<p>Үйрету.</p>
<p>3-апта</p>	<p>1. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Бірбағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өтеді. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектейді Кимылды ойын: «Абайла, балақай!» 2. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіреді. Допты қағып алады.</p>	<p>Көркем әдебиет Такырыбы: «Наурыз мейрамы» (сурет бойынша әңгімелесу) Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын ұғынады көмектесу, <i>мейрам, наурыз</i> және тағы да басқа жаңа сөздердің мағынасын түсінеді.</p>	<p>Сенсорика Такырыбы: «Құмыралар» Мақсаты: Аз, көп, артық, кем, сонша ұғымдарымен салыстырады. Көлемін анықтап, зерттей алады.</p> <p>Жаратылыстану Такыр ыбы: «Менің асықтарым» Мақсаты: Асықтар және оның түрлерімен, түстерін біледі.</p>	<p>Сурет салу Такырыбы: Әжемнің жіптері (<i>үш түсті бояумен</i>) Мақсаты: тұйықталаған (ирек) сызықтарды жүргізу арқылы фломастерді немесе майлы қарындашты пайдалана отырып сурет салады. Музыка - 2апта Такырыбы: «Өнер көзі-халықта!» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол кимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ кимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын</p>	<p>Балалардың өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Қолды дұрыс жууға үйрету.</p>

<p>Кимылды ойын: «Қонырауды сылдырлат» 3. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Отырып допты бір-біріне домалатады. Белгі бойынша шашырап жүгіреді. Кимылды ойын: «Жанбырдан тығылайық»</p>			<p>қалыптастыру. Ән тындау: «Кел, билейік!» Б. Байкадамов Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова</p>	
<p>4-апта 1. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Түзу және ирек жолдармен жүгіреді. Жиіктері шектелген тұра жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүреді. Кимылды ойын: «Жашырақтар жинайық» 2. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Түзу және ирек жолдармен жүгіреді. Жиіктері шектелген тұра жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүреді. Кимылды ойын: «Көктемгі соқпақ жол» 3. Дене шынықтыру (негізгі кимылдар) Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектейді. Допты нысанаға дәлдеп лақтырады. Спорттық іс-шара: «Себетті толтыр»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Такырбы: «Кигіз үйдегі ыдыстар» Максаты: Балалар ұлттық ыдыстар мен тағамдардың аттарын атайды. Ыдыс-аяқтар, тағамдар атауларын сөз таптарында қолданады.</p>	<p>Күрастыру Такырбы: «Екі жол» Максаты: балалар құрылыс материалдарынан (текшелер) кеңістікте жалпақ және жінішке жол жасайды. Жаратылыстану Такырбы: «Көктем келді» Максаты: Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен, балабақшаның ауласында өсетін ағаштар мен бұталарды атайды.</p>	<p>Сурет салу Такырбы: «Көктемгі ағаштар» Максаты: Қылқаламмен дайын үлгідегі суретке сүйкей отырып жапырақтар салады. Музыка Такырбы: Көктем күні тамаша!» Максаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Ән тындау: «Көктем» А. Еспенбетова Ән айту: «Жанбыр» А. Айтуова Мүсіндеу Такырбы: «Сәукеле» Максаты: Балалар ермексаз бөлшектерін алақандарына салып есу әдісі арқылы, бейне жасай алады.</p>	<p>Айналасынд ағылармен қарым-қатынас жасауға үйрету</p>